

**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
АБАЙ АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «АҚҚУ БӨБЕКЖАЙ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

«Кішкентай балалардың сенсорлық дамуына арналған ойындар»

Педагог-психолог: Фазилова К.К.

2026 ЖЫЛ

**Мақсаты:** Ата-аналарға сенсорлық дамудың маңызын түсіндіру және үй жағдайында қолдануға болатын қарапайым ойын түрлерін көрсету.

### **1** Кіріспе бөлім

Сұрақ арқылы бастау:

- Балаңыз құммен, сумен ойнағанды жақсы көре ме?
- Үйде шашылып кетеді деп кейде тыйым саласыз ба?

Сенсорлық даму – бұл баланың көру, есту, иіс сезу, дәм сезу және сипап сезу арқылы әлемді тануы.

2–3 жаста сенсорлық тәжірибе мидың белсенді дамуына әсер етеді (осы кезеңде жүйке байланыстары қарқынды қалыптасады).

### **2** Теориялық бөлім

Сенсорлық даму нені дамытады?

- ✓ Сөйлеуді
- ✓ Ойлауды
- ✓ Ұсақ моториканы
- ✓ Зейінді
- ✓ Эмоциялық тұрақтылықты

✦ Маңызды факт: Ұсақ моторика дамыса – сөйлеу белсенділігі артады (саусақ пен сөйлеу орталығы бір-бірімен байланысты).

### **3** Практикалық бөлім

1. «Сиқырлы қорап»

Қажетті заттар: күріш, бұршақ, қасық, кішкентай ойыншықтар.

Тапсырма: ойыншықты тауып алу.

Дамытады: тактильді сезім, зейін.

2. «Су зерттеушісі»

Қажетті заттар: ыдыс, су, стақан, қасық.

Тапсырма: құю, төгу, салыстыру (көп/аз).

Дамытады: координация, логика.

3. Саусақпен сурет салу

Бояу немесе манкаға сурет салу.

Дамытады: ұсақ моторика, шығармашылық.

4. «Тактильді жол»

Мата, губка, қағаз, фольга төсеп, үстімен жүру.

Дамытады: сезімталдық, тепе-теңдік.

Ата-аналарға ұсыныстар:

- Баланы мәжбүрлеменіз
- Күнделікті 5-10 мин. Ойын жеткілікті
- Қауіпсіз, таза заттар қолданыңыз
- Баланың эмоциясын бақылаңыз.
- Бірге ойнаңыз – бұл ең маңыздысы.

✦ «Бала үшін ойын – бұл жай көңіл көтеру емес, бұл – даму».

[https://www.instagram.com/reel/DUUG\\_WDETM/?igsh=NXgzNHRyMnkycmxu](https://www.instagram.com/reel/DUUG_WDETM/?igsh=NXgzNHRyMnkycmxu)

